

"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі саясатының кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы
туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 178 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

"Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және (немесе) олардың келісуімен тағайындалатын, Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де лауазымды адамдардың тізбесінде:

мына:

"

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттерінің бастықтары	облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері	Ішкі істер министрі	Комиссия *
---	--	---------------------	------------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын

"

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттерінің бастықтары	Ішкі істер министрі	Ішкі істер министрі	облыстардың, республикалық маңызы қалалардың және астананың әкімдері, Комиссия*	б а р
---	------------------------	------------------------	---	-------

".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК